„Шоғы Мұқалұлы атындағы №5 жалпы білім
беретін" КММ педагогикалық кеңес отырысының
№1 Хаттамасы
31 тамыз 2026 жыл

Тақырыбы: „Білім беру ұйымының 2026 - 2027 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары"

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, 2026 - 2027 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін айқындау.

Қатысушылар: кеңес төрағасы (мектеп директоры), хатшы, 160 педагог (тізім қоса беріліп отыр)

Кіріспе

Педагогикалық кеңес төрағасы мектеп директоры Ж.С. Бөкен „Білім беру ұйымының 2026 - 2027 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары" тақырыбындағы жаңа оқу жылындағы бірінші педагогикалық кеңесті ашық деп жариялап, педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлады және педагогикалық кеңес құрамын бекітті. Білім беру ұйымында қызмет ететін барлығы 161 педагог педагогикалық кеңеске, мектеп директоры кіретіндігін баяндады.

2026 - 2027 оқу жылына педагогикалық кеңеске мектеп директоры Бөкен Жамал Спанқызы төрағалық етеді, хатшысына орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сейтағзимова Асима Жанболатқызы ашық дауыс беру нәтижесінде сайланды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді таныстырып өтті.

Күн тәртібі

1. Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттары мен жаңа нормативтік өзгерістер:

„2026 - 2027 оқу жылында Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында білім беру", процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы" әдістемелік нұсқау хаттағы ерекшеліктері;

Біліктілік арттыру курстарына қатысушылар;

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу;

Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Ж. Мұханованың баяндамасы

2. Шығармашылық/зерттеу топтарының жұмысы:

Педагогтердің инновациялық тәжірибесін енгізу және тарату бойынша шығармашылық/зерттеу топтарының жұмыс тиімділігі;

Жауапты: бастауыш сынып мұғалімі А.Б. Әмірованың, ағылшын тілі пәні мұғалімі Л.Д. Серікованың баяндамасы

3. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары:

2025-2026 оқу жылының сараптамасы және жаңа оқу жылының міндеттерін айқындау;

Жеке үйде білім алушылардың жеке оқу жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну;

Білім алушылардың ерекше топтарын оқыту процесінің ұйымдастырылуы, білім алушылардың тізімін құру;

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының ұйымдастырылуы;

Білім алушылардың оқулықпен қамтылуы;

„Алтын белгі" белгісіне, „Үздік аттестатқа" (9,11-сынып) үміткер оқушылардың тізімін бекіту және құжаттарымен жұмыс, оқу үлгерімі нәтижелерінің сапасы;

Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.С. Нұрболқызының баяндамасы

4. Жылдық жұмыс жоспарларды бекіту:

Жылдық жұмыс жоспарларын бекітуге ұсыну, оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;

Педагогтердің оқу жүктемелерін (тарифтеу) бекіту;

Оқу пәндерінің, сыныптардың білім сапасын бақылау, бағалау;

Тәлімгерлік жүйесі қызметінің тиімділігі;

Оқу кабинеттерін бекіту, паспорттау;

Электронды журналды сапалы жүргізу;

2025-2026 оқу жылындағы ҰБТ нәтижелері;

Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары М.К. Түленованың, А.Н. Джайлханованың баяндамасы

5. Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы.

Жауапты: директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А. Нұрбаулованың баяндамасы

6. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының ұйымдастырылуы туралы.

Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Ж. Мұханованың баяндамасы

7. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшы тағайындау туралы.

Жауапты: мектеп директоры Ж.С. Дөкеннің баяндамасы

Баяндамашыларға 25 минут, сұрақ-жауапқа 10 минут, жиналысты 2 сағатта аяқтауға ұсыныс берді.

Ағымдағы жылы 26 тамыз күні республикалық педагогтердің тамыз конференциясының пленарлық отырысында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың сөйлеген сөзі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің өзекті мәселелері туралы бейнебаянға назар аударды. Конференция „Адами капитал," білім және прогресс" тақырыбында өтіп, оның пленарлық мәжілісіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, баяндама жасады. Конференция аясында білім сапасын арттыру, педагогтердің мәртебесі, білім беру жүйесін цифрландыру және тәрбие жұмысы бойынша негізгі міндеттер айқындалды. (10 минут)

1. Тыңдалды:

1. Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттары мен жаңа нормативтік өзгерістер:

„2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы" әдістемелік нұсқау хаттағы ерекшеліктер;

Біліктілікті арттыру курстарына қатысушылар;

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу;

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

Д.Ж. Мұханова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

„2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы" әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.

2026-2027 оқу жылында үлгілік оқу бағдарламалары жетілдірілген пәндер және жаңа пәндер мен курстар:

	№	Сынып	Негіздеме
1	Қазақ тілінде оқитын бірінші сыныптардың білім алушыларына арналған бейімдеу бағдарламасы	1-сынып	Қазақ тілінде оқытатын, оқыту тілін қосымша қолдауды қажет ететін білім алушылардың мектепке бейімделуіне және қазақ тілін меңгеруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында
2	„Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект" пәні	1-4 сыныптар	Цифрлық сауаттылықты, қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, алгоритмдік ойлауды дамыту және жас ерекшелігіне сәйкес жасанды интеллектіні қолдаудың бастапқы дағдыларын меңгерту мақсатында
3.	„Информатика және жасанды интеллект" пәні	5-9 сыныптар	Информатика пәнінің мазмұнын жас ерекшелігіне сәйкес жасанды интеллект тақырыптарымен толықтыру, ЖИ құралдарын саналы, қауіпсіз және тиімді пайдалану, деректермен жұмыс істеу және алгоритмдік ойлау дағдыларын дамыту мақсатында
4	„Информатика	10-11	

және жасанды интеллект" пәні	сыныптар	IT саласындағы тереңдетілген құзыреттерді қалыптастыру, жасанды интеллектінің қолданбалы технологияларын, нейрондық желілердің негіздерін және жүйелік талдауды меңгерту, сондай-ақ білім алушыларды жоғары технологиялық салалардағы кәсіби бағдарға даярлау мақсатында
5 „Орыс тілі мен әдебиеті" пәні	5-сынып	Бастауыш мектептен негізгі орта мектепке ауысқан кезде оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету, функционалдық сауаттылықты дамыту, сөйлеу әрекеті дағдыларын және көркем мәтіндерді талдауды жетілдіру мақсатында
6 „Шет тілі" пәні	5-сынып	Тілдік білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету, пәнаралық-коммуникативтік құзыреттерді дамыту және негізгі орта білім беру деңгейіне өту кезінде сөздік қорды кеңейту мақсатында
7 „Құқық негіздері" пәні	9-сынып	Білім алушылардың құқықтың сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін дамыту, өз құқықтары мен міндеттерін, негізгі құқықтың нормаларды және заң алдындағы жауапкершілікті түсінуін қалыптастыру мақсатында
8 „Құқық негіздері" пәні	10-11 сыныптар	Мемлекеттік-құқықтық құрылым туралы білімді жүйелеу, құқықтың негізгі салалары бойынша білімді

		тереңдету, құқықтық сауаттылық пен жауапты мінез-құлық дағдыларын дамыту және құқықтық нормаларды практикалық жағдайларда қолдану мақсатында
9 „Бастапқы әскери даярлық" пәні	10-11 сыныптар	Білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру, мемлекеттік қорғаныс саласындағы базалық білімді қалыптастыру, әскери қызмет, азаматтық қорғаныс негіздерін меңгерту және алғашқы көмек көрсету дағдыларын дамыту мақсатында
	Міндетті курстар	
1 „Конституция негіздері" курсы	5-7 сынып	Мемлекеттік құрылым, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, конституциялық міндеттерді туралы негізгі түсініктерді қалыптастыруға бағытталған
2 „Заң мен Тәртіп" курсы	8-9 сыныптар	Құқықтық сауаттылықты, әлеуметтік жауапкершілікті және заң талаптарын сақтау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған
3 „Заң мен Тәртіп" курсы	10-11 сыныптар	Құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға, өз бетінше құқықта сай әрекет етуге және қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысуға даярлауға бағытталған. Бұл ретте әлеуметтік жобалау, құқықтық жағдаяттарды зерттеу және мектептегі құқықтық бастамаларға қатысу көзделеді
4 „Жеке қауіпсіздік"	5-9, 10-11	Қоғамдық және цифрлық

курсы	сыныптар	ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, қауіпті және қиын жағдайларды анықтауға және қажетті жағдайда көмекке жүгінуге үйретуге бағытталған

„Конституция негіздері" және „Заң мен Тәртіп" курстарын тарих және құқық негіздері мұғалімдері, ал „Жеке қауіпсіздік" курсын педагог-психолог бейнематериалдарды пайдалана отырып, тренинг форматында жүргізеді.

Оқу процесін талдау негізінде 2026-2027 оқу жылынан бастап 10-11 сыныптарға арналған жаңартылған ҮОЖ енгізіледі.

Үлгілік оқу жоспарларының 16-18 қосымшаларының алынып тасталуына байланысты жалпы білім беретін мектептердің 7-9 сыныптарында геометрия курсы аптасына 2 сағат көлемінде (оқу жылына 68 сағат) оқытылатын болады.

2026-2027 оқу жылынан бастап 10-11 сыныптарда „Құқық негіздері" пәні таңдау компоненті аясында емес, міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

2-4 сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәртібі

2026-2027 оқу жылынан бастап 2-4 сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесі енгізіледі. Оқу үлгерімін ағымдық бақылау формативті, аралық және қорытынды бағалауды қамтиды.

Формативті бағалау оқу үдерісі барысында жүргізіледі.

Аралық бағалау нәтижесі тоқсан ішінде өткізілген барлық аралық бағалаулар бойынша білім алушын алған балдар негізінде пайыздық көрсеткішпе анықталады.

Тоқсандық қорытынды бағалау нәтижесі формативтік және аралық бағалау нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері орташа мәні ретінде анықталады.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін 2-4 сынып білім алушыларына әрбір оқу пәні бойынша жылдық баға қойылады.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктерін бағаламау тәртібі сақталады.

„Қазақ тілі" және „Орыс тілі" оқу пәндері бойынша аралық бағалау диктантты және диктант мәтіні негізінде оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмаларды қамтиды.

„Әдебиеттік оқу" оқу пәні бойынша аралық бағалаудың негізгі нысандары шығарма мен мазмұндама болып табылады. Олардың мазмұнына оқу сауаттылығын бағалауға бағытталған тапсырмалар енгізіледі.

„Математика" оқу пәні бойынша аралық бағалау оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту деңгейін және математикалық сауаттылықты бағалауға бағытталған тапсырмаларды қамтитын бақылау жұмысы нысанында жүргізіледі.

„Жаратылыстану" және „Дүниетану" оқу пәндері бойынша аралық бағалау тоқсанына бір рет жүргізіледі. Білім алушылардың оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту деңгейін, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын, зерттеушілік және практикалық дағдыларын бағалауға бағытталған ауызша, жазбаша, практикалық, зертханалық, жобалық және зерттеу жұмыстары мен тапсырмалары арқылы жүргізіледі.

„Цифрлық сауаттылық", „Еңбекке баулу", „Бейнелеу өнері", „Музыка" және „Дене шынықтыру" оқу пәндері бойынша аралық бағалау тоқсанына бір рет жүргізіледі. Бағалау тиісті оқу пәнінің ерекшелігіне сәйкес білім алушылардың цифрлық, практикалық, шығармашылық, орындаушылық және қимыл-қозғалыс дағдыларын бағалауға бағытталған практикалық, шығармашылық, жобалық, зерттеу, спорттық, жеке және командалық жұмыстар мен тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы және „Адал азамат"

2026-2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі № 194 „Білім беру ұйымдарында „Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы" бұйрығының негізінде жүзеге асырылады және „Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына негізделген біріңғай тәрбиелік ортаны қалыптастыруға бағыттайды.

Оқу-тәрбие процесінің негізгі басымдықтары:

Конституция құндылықтарын, „Еңбек адамы" құндылығын, „Заң мен тәртіп", „Таза Қазақстан" қағидаттарын оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарына жүйелі кіріктіру.

Біліктілік арттыру курсына қатысушылар туралы

№ Аты-жөні (толық құжат бойынша)	Лауазымы, пән мұғалімі
1. Досмухамедова Гульмира Айтжановна	дефектолог
2. Кумкараева Марал Амановна	әлеуметтік педагог
3. Тузелбаева Индира Курбанказыевна	тарих
4. Бисенгулова Фатима Абуталиповна	көркем еңбек
5. Толемісова Эльмира Серікқызы	көркем еңбек
6. Ирсалиева Нурзейда Жарысбековна	көркем еңбек
7. Кулбаева Каниша Оразгалиевна	көркем еңбек
8. Давишева Рахила Тойлыбаевна	көркем еңбек
9. Жалмаганбетова Каламкас Куанбайкызы	көркем еңбек
10. Карасартов Жумахан Кенжебаевич	БӘД
11. Садыбекова Гулнур Копбалсынқызы	логопед
12. Тарахатова Альбина Сисенбаевна	биология
13. Арынбасарова Акмарал Керимовна	ағылшын тілі
14. Чилимбаева Алия Амангалиевна	орыс тілі
15. Джумагалиева Перизат Амандтоловна	ағылшын тілі
16. Картбаева Салтанат Айдарбековна	бастауыш
17. Иманова Гулмирам Болатқызы	бастауыш
18. Нуржанова Алия Жалгасбаевна	қазақ тілі және әдебиеті
19. Тугелбаева Даметкен Ерболатовна	қазақ тілі және әдебиеті
20. Аягутова Жансая Ыбраевна	бастауыш
21. Эмирова Ажар Бегендековна	бастауыш
22. Аксенова Куралай Рахматовна	бастауыш
23. Орынбаева Қырмызы Ахметовна	МАД
24. Имамбаева Гаухар Миргалимовна	бастауыш
25. Нугманова Загипа Хасановна	бастауыш
26. Менерова Кундыз Елубаевна	бастауыш
27. Ажибаева Кундыз Абдихалитовна	орыс тілі және әдебиеті
28. Аманбаева Загипа Сериковна	орыс тілі және әдебиеті
29. Кокишева Орынша Асқарқызы	тарих
30. Туебаев Марат Саламатович	дене шынықтыру
31. Туляев Нурболат Акмуратулы	дене шынықтыру
32. Қылыш Ондасын Оспанулы	дене шынықтыру

33. Истлеу Гүлмінұр Шамғұнқызы	құқық
34. Әзірбай Гүлжазира Қанатқызы	көркем еңбек
35. Турбаев Майлы Джумабаевич	дене шынықтыру
36. Әзімберғенова Жазылсын Жумабекқызы	физика
37. Бекбасарова Гулбану Айбулатовна	химия
38. Туленова Майра Кумисбековна	математика
39. Халмуратова Қазына Смағұлқызы	информатика
40. Бабаджанова Ақбала Зульпухаровна	информатика
41. Джумадурдиева Зейнеп Турганбаевна	информатика

2026-2027 оқу жылында педагогтерді аттестаттау туралы

2026-2027 оқу жылында педагогтерді аттестаттау „Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жоба туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 05.06.2026ж. № 159-нқ бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Пилоттық жоба қыркүйек-желтоқсан аралығында қолданылады.

Пилоттық жобаның қатысушылары пилоттық жобаға қатысуға ниет білдірген педагогтер болып табылады.

1) аттестаттауға жататын, 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін ПББ тапсырудың бірінші мүмкіндігі кезінде мәлімделген біліктілік санатына ПББ шекті мәнінен өтпеген адамдар қатарынан;

2) аттестаттауға жататын немесе мерзімінен бұрын атестатталуға үміттенетін, Пилоттық жоба іске қосылған кезде ПББ-ға тіркелген, бірақ тестілеуден өтуге кіріспеген немесе ПББ-ға тіркелуден өтпеген адамдар қатарынан. Осы тармақтың талаптары Кәсіби қызметке алғаш рет кірісетін педагогтерге қолданылмайды.

Пилоттық жобаға мектебімізден 5 педагог қатысады

№	Т.Ә.А	Пәні	Санаты	Өтініш беретін санаты	Ескертпе
1.	Джайлханова Анар Нугаевна	Педагог-психолог	Педагог зерттеуші	Педагог зерттеуші	ПББ 1рет барды өтпеді
2.	Смадияр Арайлым Асқарқызы	Педагог-психолог	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	ПББ 1рет барды өтпеді
3.	Маймакова Айжан Нұрлыханқызы	Дене шынықтыру	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	ПББ 1рет барды өтпеді
4.	Нурболқызы	математика	Педагог	Педагог	ПББ 1рет

Жанат			модератор	ПББ 1 рет
5. Ізімбергенова	Физика	Педагог	Педагог-	барды, өтпеді
Жаңылсын			модератор	ПББ 1 рет
Жұмабекқызы				барды, өтпеді

2026-2027 оқу жылында аттестатталатын педагогтер үшін аттестаттау процесі қаңтар - тамыз аралығында өтеді. Оған 2021 жылғы желтоқсан мен 2022 жылғы тамыз аралығында біліктілік санатын алған педагогтер үшін кезекті аттестаттау, сонымен қатар мерзімінен бұрын да өтініштер қабылданады.

1. Шешім етті:

1.1. 2026-2027 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

1.2. 2026-2027 оқу жылынан бастап жаңа және жетілдірілген пәндер мен курстардың, оның ішінде „Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект", „Информатика және жасанды интеллект", „Құқық негіздері", „Конституция негіздері", „Заң мен Тәртіп", „Жеке қауіпсіздік" курстарының сапалы ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.

1.3. Бастауыш сынып мұғалімдері оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес диктант, шығарма, мазмұндама, бақылау жұмысы, практикалық, шығармашылық, жобалық және зерттеу жұмыстарын бағалау талаптарына сай ұйымдастырсын.

1.4. „Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысы жүйелі ұйымдастырылып, Конституция, Еңбек адамы, Заң мен тәртіп, Таза Қазақстан құндылықтары оқу-тәрбие процесіне кіріктірілсін.

1.5. „Конституция негіздері", „Заң мен Тәртіп", „Жеке қауіпсіздік" курстары бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, оқушылардың құқықтың сауаттылығын, қауіпсіз мінез-құлқын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталсын.

1.6. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстарына қатысуы қамтамасыз етіліп, курс барысында меңгерілген тиімді әдіс-тәсілдер педагогикалық тәжірибеге енгізілсін.

1.7. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім беру процесінде қауіпсіз, тиімді және педагогикалық мақсатқа сай қолдану бойынша мұғалімдердің тәжірибесі жетілдірілсін.

1.8. 2026-2027 оқу жылында педагогтерді аттестаттау жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 05.06.2026 жылғы №159-ның бұйрығына сәйкес ұйымдастырылсын.

1.9. Қыркүйек-желтоқсан айларында іске асырылатын педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаға қатысатын 5 педагогтің аттестаттауға дайындық жұмыстары ұйымдастырылсын.

1.10. Пилоттық жобаға қатысушы педагогтерге аттестаттау талаптары, ПББ нәтижелері, өтініш беру және қажетті құжаттарды рәсімдеу тәртібі бойынша әдістемелік қолдау көрсетілсін.

1.11. 2026-2027 оқу жылында кезекті және мерзімінен бұрын аттестаттауға жататын педагогтердің тізімі нақтыланып, олардың аттестаттау мерзімдері мен құжаттарының талапқа сәйкестігі бақылауға алынсын.

2. Тыңдалды:

2. Шығармашылық/зерттеу топтарының жұмысы: Педагогтердің инновациялық тәжірибесін енгізу және тарату бойынша шығармашылық/зерттеу топтарының жұмыс тиімділігі.

Жауапты: бастауыш сынып мұғалімі А.Б. Әмирова, ағылшын тілі пәні мұғалімі Л.Д. Серикова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

2.1. Тыңдалды:

2.1. Білім берудегі жасанды интеллект: жаңа мүмкіндіктер мен жаңа міндеттер.

Жауапты: бастауыш сынып мұғалімі А.Б. Әмирова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

Қазіргі таңда жасанды интеллект білім беру саласына белсенді еніп, мұғалімнің күнделікті жұмысын жеңілдететін тиімді құралдардың біріне айналып келеді. Жасанды интеллектіні дұрыс әрі сауатты пайдалану - уақытты үнемдеуге, оқу материалдарын түрлендіруге және оқушының жеке қажеттілігіне қарай тапсырмалар дайындауға мүмкіндік береді.

Білім берудегі жасанды интеллектінің негізгі мүмкіндіктері:

- сабақ жоспары мен оқу материалдарын дайындау;
- оқушының жас ерекшелігіне сай тапсырмалар құрастыру;
- тест, сұрақтар, кейс және шығармашылық жұмыстар әзірлеу;
- мәтінді талдау, қысқарту және құрылымдау;
- Оқушының білім деңгейіне қарай сараланған тапсырмалар ұсыну;
- Кері байланыс пен рефлексия түрлерін дайындау;
- педагогтің уақытын тиімді пайдалану.

Алайда жасанды интеллектіні қолдану тек мүмкіндіктермен шектелмейді. Оның алдында жаңа міндеттер мен жауапкершілік те бар.

Ең бастысы – жасанды интеллект мұғалімді алмастыратын құрал емес, мұғалімнің кәсіби қызметін толықтыратын көмекші құрал болуы керек.

2026 жылы 10-11 тамыз күндері Астана қаласында „Назарбаев Зияткерлік мектептері" Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған жас педагогтердің „STEM. AI. Innovation" халықаралық коннект-форумы өтті.

Форумға Қазақстан, Қытай, Қырғызстан және Өзбекстаннан 300-ге жуық жас педагог қатысып, STEM-білім беру, жасанды интеллект және инновациялық педагогикалық тәжірибелер бойынша тәжірибе алмасты.

Форумның мақсаты мен бағыттары:

STEM-білім беру: Білім беру үдерісінде STEM-ойлауды және пәнаралық тәсілдерді дамыту.

Жасанды интеллект (AI): Сабақтарда заманауи цифрлық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану жолдарын талқылау.

Тәжірибе алмасу: Халықаралық және отандық сарапшылардың басын қосып, жаңа инновациялық идеялар мен жобаларды ортаға салу.

Форум барысында заманауи педагогке қажетті кәсіби қолдау құралдарының бірі ретінде „Бейім ұстаз" платформасы ұсынылды. Платформа мұғалімдердің кәсіби бейімделуіне, әдістемелік тәжірибе алмасуына және педагогикалық құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған мүмкіндіктерімен ерекшеленетіні айтылды.

„Бейім ұстаз" платформасының басты ерекшелігі – мұғалімді тек ақпаратпен қамтамасыз ету емес, оның кәсіби ортаға бейімделуіне, тәжірибе жинақтауына және үздіксіз кәсіби дамуына қолдау көрсетуі. Платформа әсіресе жас педагогтер үшін әдістемелік көмек, тәлімгерлік қолдау және тәжірибе алмасу алаңы ретінде тиімді.

2.1. Шешім етті:

1. Білім беру процесінде жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану жұмысы педагогтердің кәсіби қызметін жетілдірудің қосымша бағыты ретінде жүйелендірілсін.

2. Пән мұғалімдеріне жасанды интеллект құралдарын:

- сабақ жоспары мен оқу материалдарын дайындауда;
- білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар құрастыруда;
- тест, сұрақ, кейс және шығармашылық тапсырмалар әзірлеуде;
- мәтінді талдау, қысқарту және құрылымдауда;
- сараланған тапсырмалар дайындауда;
- кері байланыс пен рефлексия ұйымдастыруда тиімді әрі мақсатқа сай қолдану ұсынылсын.

3. Жасанды интеллектіні қолдану барысында педагогтің кәсіби жауапкершілігі, академиялық адалдық, ақпараттың дұрыстығын тексеру және білім алушының дербес ойлау қабілетін дамыту қағидаттары басшылыққа алынсын.

4. Педагогтердің цифрлық және жасанды интеллект құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу, шеберлік сағаттары, практикалық семинарлар және әдістемелік қолдау жұмыстары ұйымдастырылсын.

5. Жасанды интеллектіні қолданудың тиімділігі оқу жылы барысында талданып, педагогтердің тәжірибесі мен қажеттілігіне сәйкес әдістемелік қолдау бағыттары жетілдірілсін.

2.2. Тыңдалды:

2.2. „Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына негізделген бірыңғай тәрбиелік ортаны қалыптастыру.

Жауапты: ағылшын тілі пәні мұғалімі Л.Д. Серикова - баяндамасының мәтіні қоса беріліп отыр.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымының негізгі міндеттерінің бірі - білімді ұрпақ тәрбиелеумен қатар, адал, жауапты, еңбекқор, отансүйгіш және саналы азамат қалыптастыру. Осы бағытта „Адал - азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының маңызы зор.

Бағдарламаның басты мақсаты - білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы тұлғалық жауапкершілігі жоғары, елін сүйетін, қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеу.

Бірыңғай тәрбиелік ортаны қалыптастыру тек сынып сағаттарымен шектелмеуі керек. Тәрбие жұмысы сабақ барысында, үзілісте, мектепішілік іс-шараларда, сыныптан тыс жұмыстарда және ата-анамен бірлескен жұмыста жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет.

Оқу-тәрбие процесінің басты басымдықтары.

Негізгі құндылықтар - Конституция құндылықтарын, „Еңбек адамы”, „Заң мен тәртіп” және „Таза Қазақстан” қағидаттарын оқу-тәрбие процесіне жүйелі кіріктіру.

Брендбук пен кеңістік - Оқу-ағарту министрлігі ұсынған ресми Брендбук негізінде мектептің ішкі ортасын безендіріп, тәрбиелік әлеуетті арттыру.

Пәндік кіріктіру - Әрбір оқу пәнінің мазмұнына бағдарламада айқындалған құндылықтарды сіңіру арқылы оқушылар бойында адалдықты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылын мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде бастау мақсатында Білім күнін өткізу бойынша ұсыныстар қарастырылды.

Білім күнінің ұсынылатын тақырыбы: „Таза Қазақстан: Конституция құндылықтары - экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі”.

Іс-шараның басты мақсаты - оқу жылының алғашқы күнінен бастап білім алушылардың бойында экологиялық мәдениет, табиғатты қорғау, тазалықты сақтау және азаматтың жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Осыған байланысты сынып жетекшілеріне Білім күні аясында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті насихаттайтын тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылды.

Педагогтерге ұсынылатын бастамалар:

Диалог пен кітап талқылау:

„Менің жауапты таңдауым”: Оқу жылының басында оқушылардың мақсаттары, армандары мен өмірлік таңдаулары туралы ашық пікірлесу өткізу.

„Мен жазда оқыған ең қызықты кітап”: Шығарма мазмұнын әділдік, адалдық және адамгершілік құндылықтарымен байланыстыра талқылау.

Пікірталас пен ЖСИ жобалары:

„Конституция және мен”: Оқушылардың құқықтары мен міндеттерін, заңды орындау мен қоғамдық жауапкершілікті талқылау.

Сынып жетекшілік тәжірибесінен „34 апта - 34 құндылық - 34 әрекет" жобасы ұсынылды.

Жобаның негізгі идеясы: Сынып сағаты тек әңгіме, пікір алмасу немесе ақпарат берумен шектелмей, әр аптада оқушының белгілі бір құндылықты нақты әрекет арқылы көрсетуіне бағытталады.

Мақсаты:

Оқушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйрету және жауапты, белсенді, адал азамат ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Жобаның жұмыс жүйесі

Әр аптада үш негізгі бағыт қамтылады:

1. Құндылық - аптаның басты тәрбиелік құндылығын анықталады.
2. Әңгіме - сынып сағатында құндылықтың мәні талқыланады.
3. Әрекет - оқушы сол құндылыққа сәйкес нақты іс-әрекет орындайды.

Ерекшелігі:

Жобада „айттым - түсіндім" қағидасынан „түсіндім - жасадым нәтижесін көрдім" қағидасына көшу көзделеді.

Әр оқушы аптаның соңында:

- қандай құндылықпен танысқанын;
- қандай әрекет жасағанын;
- сол әрекеттен қандай нәтиже шығарғанын қысқаша қорытындылайды.

Осылайша 34 аптаның соңында оқушы 34 құндылықты меңгеріп қана қоймай, оны 34 нақты әрекетпен бекітеді.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың құндылықтарды түсіну деңгейі артып, адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, құрмет, қамқорлық, отаншылдық, бірлік сияқты қасиеттерді күнделікті өмірде қолдану дағдысы қалыптасады.

2.2 Шешім етті:

1. „Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарын білім алушылардың бойында қалыптастыру жұмыстары оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарына жүйелі түрде енгізілсін.
2. Конституция құндылықтары, „Еңбек адамы", „Заң мен тәртіп", „Таза Қазақстан" қағидаттары пән сабақтарында, сынып сағаттарында, мектепішілік іс-

шараларда және сыныптан тыс жұмыстарда кеңінен насихатталсын.

3. Сынып жетекшілеріне оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып:

○ „Менің жауапты таңдауым";

○ „Мен жазда оқыған ең қызықты кітап";

○ „Конституция және мен" тақырыптарында пікірлесу, кітап талқылау, пікірталас және шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Сынып жетекшілік тәжірибесіне „34 апта - 34 құндылық 34 әрекет" жобасы енгізілсін.

5. Пән мұғалімдеріне оқу пәндерінің мазмұнына „Адал азамат" бағдарламасында айқындалған құндылықтарды кіріктіріп, адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, құрмет, қамқорлық, отаншылдық және бірлік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мен әдістерді қолдану ұсынылсын.

6. Сынып жетекшілерінің „34 апта - 34 құндылық - 34 әрекет" жобасын іске асыру барысы әр тоқсан сайын талданып, тиімді тәжірибелер педагогикалық ұжым арасында таратылсын.

3. Тыңдалды:

3. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары:

2025 - 2026 оқу жылының сараптамасы және жаңа оқу жылының міндеттерін айқындау;

Жеке үйде білім алушылардың жеке оқу жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну;

Білім алушылардың ерекше топтарын оқыту процесінің ұйымдастырылуы, білім алушылардың тізімін құру;

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының ұйымдастырылуы;

Білім алушылардың оқулықпен қамтылуы;

„Алтын белгі" белгісіне, „Үздік аттестатқа" (9-11 сынып) үміткер оқушылардың тізімін бекіту және құжаттарымен жұмыс, оқу үлгерімі нәтижелерінің сапасы;

Жауапты: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Нұрболқызы - баяндамасының мәтінін қоса беріліп отыр.

2025 - 2026 оқу жылы мектеп ұжымы үшін білім сапасын арттыруға, оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған нәтижелі жұмыстармен қорытындыланды.

Оқу жылында білім алушылардың оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізіліп, білім сапасын арттыру, дарынды оқушылармен жұмыс, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысу, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында жұмыстар атқарылды.

Сонымен қатар оқу жылының қорытындысы бойынша шешімін қажет ететін мәселелер де анықталды. Атап айтқанда, жекелеген пәндер бойынша білім сапасын арттыру, білімдегі олқылықтарды уақытылы анықтау, ғылыми жобалардағы нәтижелілікті көтеру және ҰБТ көрсеткіштерін жақсарту бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттілігі байқалады.

2026-2027 оқу жылында негізгі міндеттер:

- білім сапасы мен оқу жетістіктерін арттыру;
- білімдегі олқылықтарды ерте анықтап, жеке жұмыс жүргізу;
- дарынды оқушылармен жұмыстың тиімділігін арттыру;
- Олимпиада, ғылыми жоба, және зияткерлік байқаулардағы нәтижелерді жақсарту;
- ҰБТ-ға дайындықты жүйелі ұйымдастыру;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын мен практикалық дағдыларын дамыту;
- ата-анамен және педагогтер арасындағы бірлескен жұмысты күшейту;
- заманауи педагогикалық әдістер мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.

Қорытындылай келе, өткен оқу жылының нәтижелері бізге жетістіктерімізді сақтай отырып, анықталған мәселелер бойынша нақты жұмыс жүргізу қажеттігін көрсетті. Жаңа оқу жылындағы басты мақсатымыз - әр оқушының сапалы білім алуына жағдай жасап, оның жеке қабілеті мен әлеуетін толық ашу.

2026-2027 оқу жылында білім алушылардың әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білім алуына қажетті жағдай жасау мақсатында жалпыға бірдей міндетті оқу қоры бойынша тиісті жұмыстар ұйымдастырылуда.

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының негізгі мақсаты - әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға оқу процесіне қажетті көмек көрсету және олардың білім алу құқығын қамтамасыз ету.

№	Сынып	Сынып саны	Оқушы саны	ЕББҚЕ оқушы саны	Оқушымен қамтылды.
1	МАД	6	142		100%

	6	142	0	
2. 1-сынып	8	185	1	100%
3. 2-сынып	8	185	3	100%
4. 3-сынып	8	178	9	100%
5. 4-сынып	8	194	3	100%
	32	742	16	100%
6. 5-сынып	9	202	2	100%
7. 6-сынып	9	214	2	100%
8. 7-сынып	8	192		100%
9. 8-сынып	8	181	4	100%
10. 9-сынып	9	213	1	100%
	43	1002	9	100%
11-10 сынып	5	109		
12. 11-сынып	5	121		
	10	230	0	100%
1-11 сынып	85	1975	25	100%
0-11 сынып	91	2116	25	100%

2026-2027 оқу жылы бойынша жеке үйден оқытылатын оқушылар туралы мәлімет.

1. Амирова Альбина Алинбекқызы 9 „Ж" сынып оқушысы
2. Мұрат Ерасыл Ерланұлы 9 „Ж" сынып оқушысы
3. Қайрат Ақерке Жаңалыққызы 6 „F" сынып оқушысы

2026-2027 оқу жылында педагог-ассистент маманның көмегін қажет ететін оқушылар

1. Мұхан Алихан 3 „В" сынып оқушысы
2. Кемел Арнат 4 „F" сынып оқушысы
3. Нұрбол Ақмағанбет 8 „Б" сынып оқушысы

2026-2027 оқу жылында 1-сыныпқа 1 ЕББҚ білім алушы қабылданды.

Мектеп бойынша ЕББҚ білім алушылардың жалпы саны 25 білім алушыны құрады.

2026-2027 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға мектепте қажетті жағдайлар жасалып, арнайы кабинеттер қарастырылған. Атап айтқанда, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинеті, АФК кабинеті, психолог кабинеті, тренинг және сұхбат кабинеттері жұмыс жүргізуге арналған.

Осылайша, мектеп бойынша қазіргі таңда ерекше білім беруді қажет ететін 25 білім алушы бар. Оның ішінде 1-4 сыныптарда - 16 білім алушы, 5-9 сыныптарда - 9 білім алушы.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы

1. Изғали Бекболат Күмісғалиұлы	9 „Б"
2. Мухамметғали Мұрат Азаматұлы	8 „Б"
3. Сәрсен Нұрай Рахатқызы	8 „Г"
4. Бахтбай Нұрдәулет Нұралбайұлы	8 „Д"
5. Қатарбай Гүлім Мейрманқызы	8 „Е"
6. Медеухан Ақбөпе Миржанқызы	6 „А"
7. Бахадур Ален Жанқожаұлы	6 „В"
8. Байболат Расул Түлегенұлы	5 „Г"
9. Аманқос Мади Мухтарұлы	5 „Д"
10. Таңатар Ернұр Серікұлы	4 „А"
11. Полат Дінмұхаммед Қайратұлы	4 „Ә"
12. Кемел Арнат Мухитұлы	4 „Г"
13. Изғали Айдын Күмісғалиұлы	3 „Б"
14. Қонаев Ерболат Нуржанович	3 „Ә"
15. Нұргелді Ислам Асланұлы	3 „А"
16. Таңатар Есенгали Жандосұлы	3 „Б"
17. Мухан Алихан Ерланұлы	3 „В"
18. Қатарбай Жанарыс Мейрманұлы	3 „В"
19. Тарасатұлы Еркебұлан	3 „Г"
20. Қосшан Ғалымбек Серикұлы	3 „Д"
21. Бөкенбай Нұрислам Әлібекұлы	3 „Е"
22. Аманқос Мадина Генжебайқызы	2 „В"
23. Жұмаш Олжас Ықласұлы	2 „Ә"
24. Қуатбай Ернұр Ерланұлы	2 „Г"
25. Сарсенбаева Сезим	1 „Ә"

Бастауыш сыныптар бойынша 2 білім алушыға ПМПК тұжырымына сәйкес педагог-ассистент қажет. Сонымен қатар, аталған тізімде ерекше білім беруді қажет етпейтін, бірақ тірек-қимыл аппаратының бұзылысы бар 1 білім алушыға педагог-ассистент қажет етеді.

2026-2027 оқу жылында білім алушылардың оқу жетістіктерін саралау және қорытынды аттестаттауға сапалы дайындау мақсатында „Алтын белгі" белгісіне және „Үздік аттестатқа" үміткер оқушылармен жұмыс ұйымдастырылуда.

9 және 11-сынып оқушыларының өткен оқу жылдарындағы оқу жетістіктері зерделеніп, жоғары үлгерім көрсеткен білім алушылардың тізімі анықталды.

„Алтын белгі" белгісіне үміткерлер – 10 оқушы

Сыныбы	ТАӘ	Таңдау1	Таңдау2
11а	Абиева Назерке Рахмановна	биология	химия

11а	Есқан Сымбат Жеңісбекқызы	ағылшын тілі	дүниежүзі тарихы
11а	Қосқуат Інжу Нұрбергенқызы	дүниежүзі тарихы	құқық негіздері
11а	Түлеген Мейіржан Молдабекұлы	дүниежүзі тарихы	құқық негіздері
11а	Темірханова Айкерім Мамытқызы	дүниежүзі тарихы	құқық негіздері
11ә	Аллаяр Әмина Саламатқызы	биология	химия
11ә	Ережеп Ерғали Қазыұлы	биология	химия
11ә	Идилова Зылиха Ризабековна	биология	химия
11ә	Хндыргельды Нұрмұхан Серикбайұлы	биология	химия
11г	Сарсен Гүлдана Мағсатқызы	шығармашылық	

„Үздік аттестатқа" үміткерлер (11-сынып) - 8 оқушы

11ә	Дүйсебек Ақсұлу Азаматқызы	биология	химия
11ә	Махамбетғали Инабат Биғалықызы	биология	химия
11б	Долмұхан Құралбек Арыстанұлы	биология	химия
11б	Қарақұлова Ақниет Дүсенбайқызы	биология	химия
11б	Оразғали Жібек Нұрдаулетқызы	биология	химия
11б	Сарсенбай Мереке Сабитқызы	биология	химия
11в	Ерғази Шыңғыс Мадиярұлы	физика	математика
11в	Тамасбай Жаслан Тохтарбайұлы	физика	математика

„Үздік аттестатқа" үміткерлер (9-сынып) - 22 оқушы

Сыныбы	ТАӘ	Таңдау 1	Таңдау 2
11а	Алдыбай Шамсия Нұрланқызы	биология	химия
9а	Батырғали Іқуат Қылышбайұлы	биология	химия
9а	Сарсен Ерасыл	биология	химия

	Саматұлы		
9ә	Ержанқызы Алия	биология	химия
9ә	Рахмет Динара Боранбайқызы	физика	математика
9ә	Сабырадин Айдана Махмудқызы	ағылшын тілі	дүниежүзі тарихы
9ә	Шавдирбай Айгерім Құдырбайқызы	биология	химия
9б	Карасаев Ерсайын Қазиұлы	физика	математика
9б	Новрузбаева Нұршат Өтевқызы	қазақ тілі	қазақ әдебиеті
9б	Кобенова Назерке Маратовна	ағылшын тілі	дүниежүзі тарихы
9в	Майрамхан Бағалым Қуанышқызы	биология	география
9г	Дүйсебек Айару Азаматқызы	биология	химия
9г	Зорбай Жанерке Орынбасарқызы	ағылшын тілі	дүниежүзі тарихы
9г	Қадырбай Ерасыл Құдырқанұлы	биология	химия
9г	Шаңғытбай Зере Русланбекқызы	биология	химия
9ғ	Алматайқызы Мұнира	биология	химия
9ғ	Бектемисқызы Аяулым	биология	химия
9ғ	Жұматай Манас Шаттайұлы	биология	химия
9ғ	Үмбет Балауса Жақсылыққызы	биология	химия
9ғ	Аманбай Аружан Ерболқызы	биология	химия
9ж	Мұрат Ерасыл Ерланұлы	биология	химия
9ж	Айжарық Айару Рамазанқызы	физика	математика

Үміткер оқушылардың оқу үлгерімі тұрақты бақылауға алынып, пән мұғалімдері тарапынан білім сапасын арттыруға бағытталған жеке жұмыстар жүргізіледі. Әр оқушының тоқсандық және жылдық бағалары, бақылау жұмыстары мен қорытынды нәтижелері жүйелі түрде сараланып отырады.

Сонымен қатар үміткерлердің жеке іс қағаздары, үлгерім табельдері және қажетті құжаттарының талапқа сәйкес рәсімделуі мен толықтығы бақылауда болады

Сынып жетекшілеріне оқушылардың сабаққа қатысуын, тәртібін және оқу үлгерімін бақылау, ал пән мұғалімдеріне білімдегі олқылықтарды уақытылы анықтап, жеке қолдау көрсету міндеттеледі.

3. Шешім етті:

3.1. 2025 - 2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

3.2. 2026 - 2027 оқу жылында білім сапасын арттыру, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту және білімдегі олқылықтарды уақытылы анықтау мақсатында жүйелі мониторинг жүргізілсін.

3.3. Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын, практикалық дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық әдістер мен жасанды интеллект мүмкіндіктері тиімді қолданылсын.

3.4. 2026 - 2027 оқу жылына жалпыға бірдей міндетті оқу қоры бойынша оқушыларды оқулықтармен, оқу құралдарымен және қажетті әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз ету жұмыстары белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын

3.5. Үйден жеке оқитын, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу-тәрбие процесінде қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілсін.

3.6. ПМПК қорытындысына сәйкес педагог-ассистент көмегін қажет ететін білім алушыларға тиісті қолдау көрсетілсін және педагог-ассистенттің жұмысы білім алушының жеке қажеттілігіне сәйкес ұйымдастырылсын.

3.7. 2026 - 2027 оқу жылында „Алтын белгі" белгісіне және „Үздік аттестатқа" үміткер 9, 11 - сынып оқушыларының тізімі бекітілсін.

„Алтын белгі" белгісіне үміткерлер
1. Абиева Назерке Рахмановна, 11 „А" сыныбы;
2. Есжан Сымбат Жаңісбекқызы, 11 „А" сыныбы;
3. Қосқуат Інжу Нұрберікқызы, 11 „А" сыныбы;
4. Түлеген Мейіржан Молдабекұлы, 11 „А" сыныбы;

5. Темірханова Айгерім Мамутқызы, 11 „А" сыныбы;
6. Аллаяр Әмина Саламатқызы, 11 „Ә" сыныбы;
7. Ерепсеп Ерғали Қазыұлы, 11 „Ә" сыныбы;
8. Идилова Зылыха Ризабековна, 11 „Ә" сыныбы;
9. Хыдыргельди Нұрмұхан Серікбайұлы, 11 „Ә" сыныбы;
10. Сарсен Гүлдана Мағсатқызы, 11 „Г" сыныбы;

„Үздік аттестатқа" үміткерлер (11-сынып)-

1. Дүйсебек Ақсұлу Азаматқызы, 11 „Ә" сыныбы;
2. Махамбетғали Инабат Биғалықызы, 11 „Ә" сыныбы;
3. Долмұхан Құралбек Арыстанұлы, 11 „Б" сыныбы;
4. Қаракулова Ақниет Дүсенбайқызы, 11 „Б" сыныбы;
5. Оразғали Жібек Нұрдәулетқызы, 11 „Б" сыныбы;
6. Сарсенбай Мереке Сабитқызы, 11 „Б" сыныбы;
7. Ерғази Шыңғыс Мадиярұлы, 11 „В" сыныбы;
8. Таласбай Жасұлан Тоқтарбайұлы, 11 „В" сыныбы;

„Үздік аттестатқа" үміткерлер (9-сынып)-

1. Алдыбай Шамсия Нұрланқызы, 9 „А" сыныбы;
2. Батырғали Әлқуат Қылышбайұлы, 9 „А" сыныбы;
3. Сарсен Ерасыл Саматұлы, 9 „А" сыныбы;
4. Ержанқызы Әлия, 9 „Ә" сыныбы;
5. Рахмет Динара Боранбайқызы, 9 „Ә" сыныбы;
6. Сабырадин Айдана Махмұдқызы, 9 „Ә" сыныбы;
7. Шавдирбай Айгерім Қыдырбайқызы, 9 „Ә" сыныбы;
8. Қарасаев Ерсайын Қазиұлы, 9 „Б" сыныбы;
9. Новрузбаева Нұрниат Отевқызы, 9 „Б" сыныбы;
10. Кобенова Назерке Маратовна, 9 „Б" сыныбы;
11. Майрамхан Бағалым Қуанышқызы, 9 „В" сыныбы;
12. Дүйсебек Айару Азаматқызы, 9 „Г" сыныбы;
13. Зәрбай Жанерке Орынбасарқызы, 9 „Г" сыныбы;
14. Қадырбай Ерасыл Қыдырханұлы, 9 „Г" сыныбы;
15. Шаңытбай Зере Русланбекқызы, 9 „Г" сыныбы;
16. Алматайқызы Мұнира, 9 „Ғ" сыныбы;
17. Бектемисқызы Аяулым, 9 „Ғ" сыныбы;
18. Жұматай Манас Шалтайұлы, 9 „Ғ" сыныбы;
19. Үмбет Балауса Жақсылыққызы, 9 „Ғ" сыныбы;
20. Аманбай Аружан Ерболқызы, 9 „Е" сыныбы;
21. Мұрат Ерасыл Ерланұлы, 9 „Ж" сыныбы;
22. Аймарық Айару Рамазанқызы, 9 „Ж" сыныбы;

3.8. Үміткер оқушылардың оқу үлгерімі мен білім сапасы тоқсан сайын бақылауға алынып, пән мұғалімдері тарапынан білімдегі олқылықтарды жою және оқу нәтижелерін тұрақтандыру бойынша жеке жұмыстар жүргізілсін.

3.9. Пән мұғалімдеріне үміткер оқушылардың оқу жетістіктерін жүйелі бақылау, күрделі тақырыптар бойынша қосымша жұмыстар ұйымдастыру және қорытынды аттестаттауға сапалы дайындау міндеттелсін.

